

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Ережепов Талғат Тлеулесұлының «Болашақ педагогтың денсаулық сақтау мәдениетін дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына**

**ПІКІР**

Қазақстан Республикасының қазіргі рухани жаңғыру жағдайында әрбір адам өз денсаулығын сақтау туралы ұстанымды басшылыққа алып келеді.

ҚР-ның «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – мемлекетіміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

ҚР «Білім туралы» Заңында әрбір білім алушы мен тәрбиеленушінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігінің бірі ретінде денсаулық сақтауды және білім беру ұйымдарында олардың денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз ету қарастырылған.

Денсаулық сақтау мәдениетінің аса қажеттілігі мен маңыздылығы басқа да мемлекеттік ресми құжаттардан да айқын көрініс табады.

Денсаулық сақтау жүйесі қазақстанның ертеңі – жастардың қолында болғандықтан, олардың денсаулығын сақтау мәдениеті еліміздің сандық өсімі мен ұлттық санасын рухани жаңғыртуды анықтайды. Жастардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру ең алдымен әлеуметтік институттар мен білім беру мекемелеріне жүктеледі.

Ережепов Т.Т. өзінің диссертациясында педагогика және психология ғылымдарында көптеген ғылыми-зерттеулерді жүйелей келесі бағыттарды:

- денсаулықты сақтау мәдениетін философия, мәдениеттану мен әлеуметтану ғылымы тұрғысынан (Л.Н.Арутюнян, Г.Л.Апанасенко, Л.Н.Каган, Э.С.Маркарян және т.б.);

- болашақ педагогтардың бойында құндылық бағдар негіздерін қалыптастыру (Г.К.Нұрғалиева, С.С.Тілеуова және т.б.);

- оқу-тәрбие үрдісінде жастардың денсаулықты сақтау мәдениетін адамгершілік және эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыру (Ж.Ж.Руссо, Д. Локк, Я.А. Коменский, И.Г. Песталоций, А.Дистервег, А.Каплиева, Б.Қ.Мұхаммеджанов, Г.Ж.Нұрышева, Ж.Торыбаева, А.Әліпбек және т.б.);

- денсаулықты сақтау мәдениетін тарихи дамуы және халықтық педагогика тұрғысынан зерттелуі (Ж.Ембергенова, Э.Құрманалиева және т.б.);

- валеология ғылымын теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеу мәселелері (Н.М.Амосов, И.И.Брехман, М.Г.Колесникова, Л.Г.Татарникова,



Р.И.Айзман, В.Ф.Базарный, Э.Н.Вайнер, В.В.Колбанов, Э.М.Казин, А.С.Иманғалиев, А.Ақанов, Ж.Ж.Нұржанова және т.б.);

- жастардың денсаулығын сақтау мәдениетін арттыру, оларды рухани және тәндік тұрғыдан жетілдіру мәселелері (Ш. Уалиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және т.б.);

- денсаулықты сақтауға байланысты оны ұйымдастырудың практикалық шаралары, әдістемелік ұсыныстары (П.Ф.Лесгафт, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский, В.В. Марков, В.М. Бехтерев, В.А. Фармаковский және т.б.)

- болашақ педагогтардың бойындағы денсаулықты сақтау мәдениетінің психо-физиологиялық аспектілері (Ш.Ә.Тұлебаева, Т.Қ.Игисинов, И.В.Мордвинцева және т.б.) жан-жақты, әрі терең қарастырған. Сонымен қатар талданған денсаулықты сақтау мәдениетіне қатысты мемлекеттік бағыт-бағдар берілген құжаттарға шолу жасау негізінде келесі қорытынды ұсынған: жас ұрпақтың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруды, оны дұрыс жүйеде ұйымдастырып, басқара білу, өмір салтын ұстануға дайындығы, өмірде кездесетін әр түрлі жағдайларға толық дайындалған, өз бетінше дұрыс шешім қабылдап, іс-әрекет ете алатын тұлғаны қалыптастырудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі деп айтуға негіз бар.

Ұлттық орталықтың денсаулыққа байланысты статистикасы: «жастардың 40%-ы – темекі тартады, 39%-ы – ішімдікті пайдаланады, 17%-ы – есірткі заттарымен, 41%-ы жыныстық қатынасқа ерте тәуелді», - екендігі көрсетілген.

Ережепов Т.Т. диссертацияда негізгі ұғымдық категорияларды тарихи және жүйелілік принциптерін басшылыққа алып жан-жақты талдап кестелік жобалармен өңдеген (Денсаулық, Денсаулықты сақтау, Мәдениет т.с.с.).

Жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі, яғни мәселенің жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігі және ғылыми-әдістемелік жағынан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі арасында қайшылықтың шешімін ғылыми тұрғыда іздестіру зерттеу жұмысының көкейкесті мәселеге арналғанын дәлелдейді.

Диссертация ғылыми зерттеу жұмыстарының логикалық жүйесіне сәйкес бірізділік принципі сақталып, яғни кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан құрылған.

Әрбір бөлім ішкі мазмұнымен, тақырыптың тұтастығымен өзара байланысты ғылыми жүйемен жазылған. Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, объектісі, пәні, міндеті, болжамы, әдіснамалық негіздері, зерттеудің кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, практикалық мәнділігі, зерттеу базасы, қорғауға ұсынылатын қағидалары сипатталған.

Бірінші тарауда «Денсаулық», «денсаулықты сақтау» және «мәдениет» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыдан негізделіп, олардың өзара



байланысы ашылып, рухани жаңғыру жағдайына сәйкес денсаулықты сақтау мәдениетінің озық идеялары талданған.

Екінші тарауда болашақ педагогтардың жас ерекшеліктеріне сай, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыратын пән сабақтары, сыныптан тыс тәрбиелік-танымдық іс-шаралар арқылы қалыптастырудың негізгі жолдары айқындалып, көрсетілген. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың динамикасы анықталып, жұмыс нәтижелері эксперименттік тұрғыда тексеріліп, әдістемесі іске асырылған.

Қорытындыда – болжамды дәлелдеп, нақтылайтын зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалып, зерттелген мәселенің болашақта зерделенетін бағыттары көрсетіліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.

Т.Т.Ережеповтың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері

- «Денсаулықты сақтау» мен «мәдениет» ұғымдарының мәні айқындалып, олардың өзара байланысы ғылыми тұрғыда негізделіп және бұл бағытта рухани жаңғыру жағдайындағы озық идеялар жүйеленген.

- Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігі ғылыми тұрғыда айқындалған.

3. Болашақ педагогтар денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың моделі даярланып, оның компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған.

4. Рухани жаңғыру жағдайындағы денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың рөлі айқындалып, оқу-тәрбие процесінде іске асырудың мазмұны жасалынып және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексерілген.

#### Практикалық тұрғыдан мәнділігі

- болашақ педагогтарға және мектеп мұғалімдеріне «Ұрпақ денсаулығын сақтау – ұлт мәдениетінің болашағы» атты денсаулықты сақтауды насихаттауға арналған мақсаттық бағдарлама ұсынылған;

- жоғары оқу орындарында ұйымдастырылған «Денсаулық – рухани байлық кепілі» шығармашылық клубының бағдарламасы;

- «Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру» оқу-әдістемелік құралы.

- Жоғары оқу орындары студенттерінің денсаулықты сақтау мәдениеті құндылықтарын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаған;

- Ғылыми-педагогикалық-психологиялық категория ретінде «Денсаулық сақтау мәдениетін дамыту» ұғымы нақтылаған;

- Жоғары оқу орындары студенттерінің денсаулық сақтау құндылықтарын дамытудың құрылымдық – функционалдық моделін жасаған;

- Жоғары оқу орындары студенттерінің денсаулық сақтау мәдениетін дамытудың әдістемесін дайындап, оның тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік – эксперимент жұмыстарын жүргізген.



Зерттеудің құнды жағы докторанттың тақырыбы бойынша баспада негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 1 шет елдік ғылыми басылымында, 6 мақала халықаралық конференциялар жинақтары материалдарында, 2 мақала алыс-жақын шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында және т.б ғылыми басылымдарда жарық көрген. Диссертациялық жұмыс аяқталған, өзіндік тұжырым жасалған, дербес орындалған болып танылады.

Сонымен қатар диссертациялық жұмысқа берілген кемшіліктер мен ұсыныстар:


1. Денсаулық сақтау құндылықтар мәселесі жайлы зерттеген қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне әліде де терең шолулар жасалса, жұмыстың құндылығы арта түсер иеді.

2. Диссертациялық жұмыста стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Аталған кемшіліктер жұмыстың сапасына әсер етпейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, ғылыми маңыздылығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, Ережепов Талғат Тілеулесұлы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойыншы PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға дайындалған «Болашақ педагогтың денсаулық сақтау мәдениетін дамыту» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Отандық ғылыми кеңесші**  
**пс.ғыл.докторы, профессор**



**Сәтпейілбаев О.С.**